

ҰЛЫ ЖЕҢІС - ЕРЛІКKE TAҒЗЫM, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары, қадірменді тыл ардагерлері! Баршаңызды Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ортақ Отанымыздың басына қиын-қыстау күн туып, әрбір отбасына қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл 80 жыл толды. Толарсақтан қан кешіп, ұрпақ келешегі үшін жан алысып, жан беріскен шайқаста қаншама есіл ердің рухы өзге елде, жат топырақта жай тапты. Бірақ олардың есімдері, ерен ерліктері әрқашан жадымызда.

Ауданымыздың әрбір ауылындағы Ұлы Жеңіске арналған ескерткіштер сол отты жылдардың белгісіндей өткен күндерге, боздақтарға тағзым етер қасиетті орын болып табылады. Ерліктің ерен үлгісін танытып, халқымызға бейбіт күн сыйлаған майдангерлерге, жеңісті жақындатуға үлес қосқан тыл еңбеккерлеріне бас иіп, құрмет көрсетеміз. Сұрапыл соғыс кезінде батырлық пен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ та мәнді ғұмыр, отбасыларыңызға құт береке, ынтымақ тілеймін!



SARKAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №18 (95123) 9 мамыр 2025 ж.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Вьетнам Коммунистік партиясы ОК Бас хатшысы То Лам әскери парадты тамашалады



7 мамыр – Отан қорғаушы күні Астанада Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад өтті. Елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам салтанатты іс-шараға құрметті қонақ ретінде қатысты.

Мемлекет басшысы парадта сөйлеген сөзінде Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлемге үлкен сабақ болғанын атап өтті.

– Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Парадқа Қазақстан Қарулы күштері құрамында және басқа да құрылымдарда қызмет ететін 4 мыңнан аса адам қатысты. Сондай-ақ 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66 әскери авиация ұшағы мен тікұшағы көрсетілді.

Бас алаңға 5 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың ішінде соғыс және тыл ардагерлері, дипломатиялық корпус пен халықаралық ұйымдардың өкілдері, депутаттар мен қоғам қайраткерлері, еліміздің әр аймағынан келген делегаттар, әскери-патриоттық клубтардың жас сарбаздары бар.

Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат

Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадта сөйлеген сөзі

Құрметті отандастар!
Сардарлар мен сарбаздар!
Аса қадірлі ардагерлер!

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз.

Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды.

Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезенді бастан өткерген майдангерлер қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас иеміз! Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанды. Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды.

Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жаужүрек ұлт екенін паш етті. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырды.

Тыл еңбеккерлері соғыс жылдары жанкештілік пен табандылық танытты. Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді, көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ТО ЛАМ ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

«Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Президент Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді.

– Вьетнам – Қазақстанның Азиядағы маңызды серіктесі. Біздің өсіп-өркендеу жолындағы мүддеміз – ортақ. Мен екі жыл бұрын Вьетнамға ресми сапармен бардым. Сонда екіжақты ықпалдастықтың жаңа бағыттарын дамытуға уағдаластық. Келесі айда екі ел

арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 33 жыл толады. Алдағы уақытта да қос халықтың достығы нығая бермек. Мен бұған кәміл сенемін. Біз ортақ мақсат-міндеттерге жету үшін күш жұмылдыруға әрдайым дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, бүгінгі келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте

түсетініне сенім білдірді.

– Сіздің Вьетнамға жасаған сапарыңыздан кейін екі жыл өткенде біздің делегацияның еліңізге арнайы келуі мемлекеттеріміздің ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар өзара сенім деңгейінің жоғары екеніне айқын дәлел. Қазақстан Вьетнамның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесіне айналады, – деді Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы.

Аға буынның ошпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жад-мызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Біз Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге баса назар аудардық, еліміз бойынша мыңдаған маңызды, ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр. 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде қазақстандық майдангерлерге арналған «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысушылардың ұрпағы аталарының суреттерін көшелермен алып жүреді. Бүгінгідей жаһандық саясатқа агрессия

Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадта сөйлеген сөзі

мен қатыгездіктің жегі құрты дендеп енген кезеңде соғыстың қасіретін еліміздің барша азаматына түсіндіру аса маңызды. Ақиқатты танымай бейбітшіліктің қадірін білу мүмкін емес.

Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды. Қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр.

Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз

кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қасқақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда. Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет. Біз Қарулы Күштерімізді жаңғырта бастадық, армиямызды күшейту үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы өте маңызды мәселе бойынша Парламент заң қабылдады.

Мемлекет әскери қызметшілерге, арнаулы мекемелер мен азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетеді.

Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде заң мен тәртіпті бөрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс.

Құрметті сарбаздар!

Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін!

Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!

Жетісу өңірінен Ұлы Отан соғысындағы майдан даласына 120 мыңнан астам адам аттанып, оның 47 мыңы ұрыс далаларында мәңгілікке көз жұмды. Жетісулық 38 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, 5-еуі Даңқ орденінің толық иегері, 58-і II, III дәрежелі Даңқ орденінің иегері атанды. Осы және басқа да құнды деректер Жетісуда облыс әкімдігінің қолдауымен Жеңістің 80 жылдығына орай жарық көрген «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты кітапта көңінен жазылып көрсетілген. Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тыл еңбеккерлерімен, құқық қорғау және әскери органдар қызметкерлерімен кездесу жиынында осы жинақтың тұсауы кесілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай архив мәліметтері бойынша кіман шығарылды

Талдықорғандағы Салтанат сарайында өткен кездесу барысында «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты жаңа жинақ таныстырылды.

Атап өтсек, облыстық мемлекеттік архив құрастырған жинақ 5 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Жетісудан шыққан Кеңес Одағының Батырлары мен «Даңқ» ордені иегерлерінің өмірі мен ерлігі туралы мәліметтер берілген. Екінші бөлімде облыстың аудан-қалаларынан жинақталған 939 ардагердің тізімі мен суреттері басылды, үшінші бөлім тылдағы өнеркәсіп, мекемелер мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің жеңіске жету жолындағы ерен еңбегі мен ауыр өмірі жайлы сыр шертеді. Төртінші бөлімге архивте мемлекеттік сақтауда тұрған жеке тектік қор құжаттарынан қолжазбалар, сақталған жауынгерлік хаттар, естелік жазбалар т.б. құжаттар енгізілді. Сонымен қатар Орталық мемлекеттік архивте, Орталық мемлекеттік ғылыми техникалық құжаттама архивінде сақталған Жетісу өңірінен аттанған жауынгерлер туралы құнды құжаттар да жинақтан тыс қалған жоқ. Бесінші бөлім архивтік фотоқұжаттар топтамасынан тұрады.

- Архив материалдары 6 ай бойы жинақталды. Бұл жұмысқа облыстық архив қызметкерлері түгелге дерлік тартылды. Жинақты архив құжаттарына, жауынгерлердің хаттарына, соғысты өз көзімен көрген майдангерлердің естеліктеріне сүйене отырып құрастырдық. Бұл еңбекті болашақ ұрпақтар да оқып, пайдаланады деп ойламын, - дейді Жетісу облысының мемлекеттік архивінің директоры Гүлжихан Истамбекова.

Атап өтсек, кітап 1 мың данамен жарық көрді, алдағы уақытта өңірдің барлық кітапханалары мен архивтеріне таратылады деп жоспарланып отыр.

қызметіне артылар жауапкершілік жүгі зор. Бүгінгі кездесуде сол жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген барша азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз, - деді Бейбіт Исабаев өз құттықтау сөзінде.

Мұнан соң тыл еңбеккерлері атынан Рысбек Қуатов пікірін білдіріп, ұрпақтарымыз өсіп-өніп, еліміз гүлдене берсін деген ізгі тілегін ақтарды.

Сол сияқты тыл еңбеккері Зәуреш Бейісбекова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт те жиналған қауымға ізгі тілектерін жеткізді.

Жиын барысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Жетісу облысының мемлекеттік архиві құрастырып, облыс әкімдігінің қолдауымен жарық көрген «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Мұнан соң марапаттау рәсімі атқарылды. Атап айтқанда, тыл еңбеккерлеріне және соғыс ардагерлерінің жесірлеріне «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» мерейтойлық медалі берілсе, құқық қорғау органдары мен қорғаныс саласы қызметкерлеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Соның ішінде Сарқан ауданында тұратын 154 тыл ардагерінің атынан барған Сарқан ауданының Құрметті азаматы Болат Рахметқалиев облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қолынан «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» мерейтойлық медалін салтанатты түрде алды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Отан қорғаушыларды құттықтады

Жетісу облысында Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты шара өтті. Осы жиында Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенттің қатысуымен өткен бас әскери шерудің тікелей эфирін жетісулықтар Талдықорғанның орталық алаңында LED



экран арқылы тамашалады. Сол сияқты облыс күні 30 жас сарбазды салтанатты жағдайда әскер қатарына шығарып салды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мерекелік шараларға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, тыл еңбеккерлері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, облыстық, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, Ауған соғысының ардагерлері, Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандар мен Семей полигонының ардагерлері және тжалпы саны 200-ге жуық адам қатысты.

Жиналған көпшілік алдында облыс әкімі Бейбіт Исабаев сөз сөйлеп, Отан қорғаушылар мерекесімен құттықтады.

Мұнан соң жас сарбаздар әскер қатарына жөнелтілді. Бұдан әрі мереке әскерилердің қойылымымен және Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік концертпен жалғасты.

Осы күні Талдықорған әскери гарнизонының № 21751 әскери ұшқыштар бөлімшесінің «Жетісу барысы» ұшқыштары орталық алаңның әуе кеңістігі арқылы ұшып өтті. Атап өтсек, ұшқыштардың осы құрамы Астана қаласында өткен бас әскери шеруде де өнер көрсеткен болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Тыл еңбеккерлеріне, құқық қорғау мен әскери органдар қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорғандағы Салтанат сарайында Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне орай өңірдегі тыл ардагерлерімен, құқық қорғау органдарының, әскери құрылымдардың қызметшілерімен кездесу өткізді. Салтанатты шарада 50-ге жуық азаматқа мерейтойлық медаль мен облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты тапсырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Қатар келген екі мерекенің мән-маңызына тоқталған өңір басшысы аймақтағы ардагерлерді қолдау шараларына, құқық қорғау органдары мен әскери саланың материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы істерге қысқаша тоқталып өтті: - Сұрапыл соғыс жылдары тылда күн-түн демей еңбек етіп, майдан даласын қажеттілікпен қамтамасыз еткен біздің тыл еңбеккерлерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жалпы бүгінде

облыста 1598 тыл еңбеккері бар. Сіздерге әрдайым қамқорлық пен қолдау көрсету – біздің парызымыз. Ол міндетті орындау мемлекеттің ел тарихына тағзымы, ардагерлерге деген айрықша құрмет деп білеміз. Бүгінде Қазақстан жаңа кезеңге қадам басты. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы ел ішіндегі заң мен тәртіпті нығайту, әлеуметтік әділеттілікті орнату бағытында нақты қадамдарға жол ашты. Яғни құқық қорғау органдарының

Ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен кездесті

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыстық ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен кездесіп, жиналған көпшілікті Отан қорғаушылар күнімен құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында өңір басшысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қысқаша баяндап, облыстың дамуына қосқан үлестері үшін ардагерлерге ризашылығын білдіріп, 13 ардагерге облыс әкімінің Алғыс хаты тапсырылды.

Кездесуге өңірдегі бірқатар ардагерлер ұйымдарының мүшелері, соның ішінде Ауған соғысына қатысушылар, Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандар, Семей полигонынан зардап шеккендер, Желтоқсан оқиғасына, Тәжік-Ауған оқиғасына, Таулы Қарабақтағы әскери іс-қимылдарға қатысушылар, облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшелері келді.

Кездесуде «Ауған соғысы ардагерлерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бауыржан Барлыбаев пікірін білдіріп, ардагерлерге көрсетілген сый-құрмет үшін алғысын жеткізді, жастарға ақыл-кеңесін айтты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көлік салығы бойынша борышкерлер тізімі

2025 жылғы сәуір айының 22-сі күнгі жағдай негізінде

104402	Налог	-40642	ФЛ	700807	ЕРЕМИН АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ
104402	Налог	-45944	ФЛ	700807	ЖАНБУЛАТОВ ФАРХАТ ИРКИНОВИЧ
104402	Налог	-74491	ФЛ	700807	БАРЛЫКБАЕВ БЕРИККАЛИ ИСЛЯМГАЛИЕВИЧ
104402	Налог	-47120	ФЛ	700807	ПРОЗОРОВ НИКОЛАЙ НИКОЛАЕВИЧ
104402	Налог	-138918	ФЛ	700807	АБДРАХМАНОВ СЕРИК САЯТОВИЧ
104402	Налог	-47710	ФЛ	700807	ТОГАНБАЕВ МАДИЯР АЛТАЙҰЛЫ
104402	Налог	-60931	ФЛ	700807	КЫДЫРАЛИН РИНАТ КАНТАЙЕВИЧ
104402	Налог	-74948,59	ФЛ	700807	ПАНИН ИГОРЬ СЕРГЕЕВИЧ
104402	Налог	-69053	ФЛ	700807	РАКЫШЕВ МАДИЯР ОМЕРЗАКОВИЧ
104402	Налог	-59013	ФЛ	700807	ОРАЗМОЛДА ӘМІРЖАН БАЙДОЛДАҰЛЫ
104402	Налог	-49058	ФЛ	700807	ПИСАРЕНКО АЛЕКСАНДР НИКОЛАЕВИЧ
104402	Налог	-41100	ФЛ	700807	ЕРДЕНБЕКОВ ЗУРМАН ДОРЖАЕВИЧ
104402	Налог	-104707	ФЛ	700807	ЕЛЬГУНДОВ ЕРМЕК КУСАИНОВИЧ
104402	Налог	-48663	ФЛ	700807	КАЛАБАЕВА ДАНИЯ АЙМКУЛОВНА
104402	Налог	-40642	ФЛ	700807	УТЕБАЕВ БАУРЖАН ҚАСЫМКАНОВИЧ
104402	Налог	-71435	ФЛ	700807	КАСЫМОВ ДАРХАН БЕЙСЕНБЕКОВИЧ
104402	Налог	-40642	ФЛ	700807	КЫЗЖАНОВ САПАРГАЛИ ЗАМАНБЕКОВИЧ
104402	Налог	-170372	ФЛ	700807	ОЛЖАБАЕВ ДАНИЯР ЖАНСЕРИКОВИЧ
104402	Налог	-40695	ФЛ	700807	ПЕЛЮШЕНКО СТАНИСЛАВ НИКОЛАЕВИЧ
104402	Налог	-62544	ФЛ	700807	РАХМЕТОВ СЕРИК АКАШБЕКОВИЧ
104402	Налог	-45944	ФЛ	700807	КОЙШИБАЕВ ҚАЙРАТ
104402	Налог	-58880	ФЛ	700807	КЕСИКБАЕВ МЕЙРАМХАН ТОЛЕУХАНОВИЧ
104402	Налог	-49581	ФЛ	700807	ШАРИПХАН ЕРКІН САБИТҰЛЫ
104402	Налог	-1179340	ФЛ	700807	ҚҰРМАНАҚЫН ІНКӘР
104402	Налог	-43224	ФЛ	700807	ТАНИРБЕРГЕНОВ МАДИЯР РАТАЕВИЧ
104402	Налог	-94865,03	ФЛ	700807	БИТИМБИЕВ АСЫЛ БОЛАТБЕКОВИЧ
104402	Налог	-68473	ФЛ	700807	РЕЗНИКОВА ОЛЬГА ГРИГОРЬЕВНА
104402	Налог	-47766	ФЛ	700807	ЕГЕМБЕРДИЕВ НУРКЕН БАХТИЯРОВИЧ
104402	Налог	-279548	ФЛ	700807	БЕЛОГРУДОВ ОЛЕГ ВИКТОРОВИЧ
104402	Налог	-69092	ФЛ	700807	СУЛЕЙМАНОВА РАЙХАН ДУСУМБАЕВНА
104402	Налог	-92564	ФЛ	700807	КВИТКО ГЕННАДИЙ СЕРГЕЕВИЧ
104402	Налог	-112880	ФЛ	700807	МУХАМЕТБАЙ АМАНЖОЛ
104402	Налог	-48947	ФЛ	700807	ОКЕН БАХЫТБЕК
104402	Налог	-47766	ФЛ	700807	САСАНБАЕВ СЕРИК КАЛЕЛОВИЧ
104402	Налог	-47890	ФЛ	700807	ДОСУМБЕКОВ АЗАТ СУРАУГАБЫЛОВИЧ
104402	Налог	-52140	ФЛ	700807	ОРАЗБЕКОВ ЕРЖАН ОРАЗБЕКОВИЧ
104402	Налог	-46150	ФЛ	700807	ОРАЗБЕКОВ ЕРЖАН ОРАЗБЕКОВИЧ
104402	Налог	-78877	ФЛ	700807	БЕЙСБЕКОВ ДАРХАН ТЕЗЕКБАЕВИЧ
104402	Налог	-45944	ФЛ	700807	ТУЛЕПБЕРГЕНОВ АЛМАЗ БЕИСЕНБЕКОВИЧ
104402	Налог	-191978	ФЛ	700807	МҰХТАР АҚНИЕТ ҚУАТҚЫЗЫ
104402	Налог	-42814	ФЛ	700807	ШТРЕК ИВАН СЕРГЕЕВИЧ
104402	Налог	-96916	ФЛ	700807	САСАМБАЕВ БАУРЖАН КАЛАМОВИЧ
104402	Налог	-53366	ФЛ	700807	ЕСБОЛАТОВ МИРАС АЙТҚАЛИҰЛЫ
104402	Налог	-50295	ФЛ	700807	КОВАЛЕВ АНАТОЛИЙ ПЕТРОВИЧ
104402	Налог	-45390	ФЛ	700807	ТУМЕНБАЕВ ЕРБОЛ УРАЗКАНОВИЧ
104402	Налог	-52918	ФЛ	700807	ДОЛЯ ОЛЕГ НИКОЛАЕВИЧ
104402	Налог	-145220	ФЛ	700807	БЕРИКОВ ҚАЙРАТ САИНОВИЧ
104402	Налог	-85848,67	ФЛ	700807	КАДЫРБАЕВ АЛМАС АБИЛМАНСУРОВИЧ
104402	Налог	-282839	ФЛ	700807	ЕРЕМЕНКО АННА МИХАЙЛОВНА
104402	Налог	-113681	ФЛ	700807	ОСПАНОВ ЕСЖАН ЖАСТЛЕКОВИЧ
104402	Налог	-52340	ФЛ	700807	ЖЕЖОМА ЮЛИЯ СЕРГЕЕВНА
104402	Налог	-71941	ФЛ	700807	КОНОНЕНКО ВИКТОР ЕГОРОВИЧ
104402	Налог	-170088	ФЛ	700807	ГАЛИЕВ ЖЕНИС ТУРСЫНХАНОВИЧ
104402	Налог	-77562	ФЛ	700807	КУРМАНОВ БЕРИК ИЕМБЕРГЕНОВИЧ
104402	Налог	-109313	ФЛ	700807	ТАСТАНБЕКОВ БАҚБЕРГЕН БИДАЙБЕКҰЛЫ
104402	Налог	-44196	ФЛ	700807	НОКЕРБАЕВ МУХТАР КАБИМОЛДАНОВИЧ
104402	Налог	-75810	ФЛ	700807	ПОСАЧИЛИН СЕРГЕЙ АНДРЕЕВИЧ
104402	Налог	-53301,17	ФЛ	700807	ЧИГИНЦЕВ СЕРГЕЙ ЮРЬЕВИЧ
104402	Налог	-109430,8	ФЛ	700807	КОНАКБАЕВ МЕДГАТ ЖОЛДЫХАНОВИЧ
104402	Налог	-171077	ФЛ	700807	СЕРКЕБАЕВ ЕРИК ТУЛЕУХАНОВИЧ
104402	Налог	-236949	ФЛ	700807	ТЛЕУБАЕВ ДАРХАН ДОСАНҰЛЫ
104402	Налог	-40642	ФЛ	700807	АТАБАЕВ РАМИЛЬ ЗАИРОВИЧ
104402	Налог	-74516	ФЛ	700807	МОЛГАЖДАРОВ АМАНЖОЛ МЫРЗАБЕКОВИЧ
104402	Налог	-45944	ФЛ	700807	ТҰРҒАНБАЙ СЫРЫМ СЫРЛЫБЕКҰЛЫ
104402	Налог	-93109	ФЛ	700807	ГАЛИЕВА РАЙГУЛЬ ТУРСЫНХАНОВНА
104402	Налог	-165255	ФЛ	700807	КУРГАНСКИЙ ИЛЬЯ АЛЕКСАНДРОВИЧ
104402	Налог	-84058	ФЛ	700807	НИЯЗМЕТОВ ДАУРАМБЕК ХУЖАНИЯЗОВИЧ
104402	Налог	-66241	ФЛ	700807	ОТАРБЕКОВ ЕРЖАН НУСЫБАЛИЕВИЧ
104402	Налог	-75097	ФЛ	700807	ИХСАНОВА ДИДАР АНДИЛОВНА
104402	Налог	-255370	ФЛ	700807	ҚҰРМАНҒАЛИ ДАРЫН ЖҰМАҒАЗЫҰЛЫ
104402	Налог	-208796	ФЛ	700807	ЕНСЕБАЕВ ДАСТАН АСЫЛМУРАТОВИЧ
104402	Налог	-72650	ФЛ	700807	АТЕЕВ МАХМЕТ КАЙЫКОВИЧ
104402	Налог	-159987	ФЛ	700807	АХМАДИЕВ АЙТБОЛАТ СЕИТХАНОВИЧ
104402	Налог	-116559,38	ФЛ	700807	ҚҰРМАНҒАЛИ ДАУРЕН ЖҰМАҒАЗЫҰЛЫ
104402	Налог	-45944	ФЛ	700807	ОТАРБЕКОВ АРМАН АБДУЛДАЕВИЧ
104402	Налог	-54863	ФЛ	700807	СЕМБЕКОВ МАҒЖАН АБИЛЬМАЖИНҰЛЫ
104402	Налог	-70280	ФЛ	700807	БОЛАТБЕКОВ ДИАС ЖАСУЛАНОВИЧ

•Еуропалық иммундау апталығы

Иммундау өмір үшін маңызды

ДДҰ-ның еуропалық аймағы аурудың алдын-алу және өмірді қорғау үшін иммундаудың маңыздылығы туралы хабардар болу үшін жыл сайын Еуропалық иммундау апталығын атап өтеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропа аймағында, соның ішінде Қазақстан Республикасында «Барлығына ұзақ өмір!» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өткізіледі.

«Барлығына ұзақ өмір!» ұранымен өткізілетін 2022 жылғы Еуропалық иммундау апталығының мақсаты – вакциналарға тең және кең қол жетімділіктің маңыздылығын атап өту, бұл әр адам үшін ұзақ және салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге ықпал ететіндігін хабарлау.

Қазіргі таңда жаһанда вакцинация инфекциялық аурулармен күресудің

ең тиімді және экономикалық адал әдістерінің бірі.

Жыл сайын вакцинациялаудың нәтижесінде 3 миллиондай сәби ажалдан аман қалып, 750 мыңдай бала мүгедектіктен арылады. Вакциналар бәрімізге толыққанды өмір сүруге мүмкіндік пен үміт береді. Бұл үшін бәріміз күресуіміз керек.

Вакцинациялау халық денсаулығын сақтауға, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасының Ұлттық күнтізбесіне сәйкес тұрғындарға 20 жұқпалы ауруға қарсы ақысыз, жоспарлы түрде иммундау жүргізіледі. Профилактикалық күнтізбедегі инфекцияға қарсы вакцинация тегін жүргізіледі. Әр адам тегін екпе алуға құқылы.

Егудің көбін нәресте бірінші жылында алады. Бұл баланың шектеулі байланы-

Выработаны рекомендации по развитию конкуренции

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу (далее - Департамент) по результатам внепланового анализа состояния конкуренции на рынке оптовой реализации мяса кур в географических границах области Жетісу, в соответствии с пунктом 79 Методики проведения анализа и оценки состояния конкурентной среды на товарном рынке были направлены рекомендации по развитию конкуренции на рассматриваемом товарном рынке государственному органу, осуществляющему руководство соответствующей отраслью – "Управление предпринимательства и индустриально- инновационного развития области Жетісу" для учета и использования в работе.

В целях предотвращения системных проблем, которые могут препятствовать развитию конкуренции, Департамент зарекомендовал реформатировать реализуемые механизмы по стабилизации цен на социально значимые продовольственные товары (далее - СЗПТ) и ограничить доступ к товарам СЗПТ реализуемые через АО Региональный институт развития «СПК «Жетісу» путем внедрения карточной системы для социально уязвимых слоев населения.

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу.

•101 ескертеді

Үйдегі өрт қауіпсіздігі: ӨМІРДІ САҚТАЙТЫН 5 ЕРЕЖЕ!

Жыл сайын тұрғын үй өрттері жүздеген адамның өмірін қиады. Себептері қарапайым: абайсыздық, ақаулы сымдар, ұмытылған құрылғылар. Қайғылы жағдайдан қалай аулақ болуға болады?

Негізгі қауіпсіздік ережелері:

- Электр құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыз
- Розеткаларды шамадан тыс жүктемеңіз-сымдар жануы мүмкін
- Сіріңкелер мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз
- Төсекте темекі шекпеңіз-бұл өрттің жалпы себебі!
- Төтенше жағдайда үйде өрт сөндіргішті немесе су шелегін ұстаңыз

Егер өрт басталса:

1. 112 нөміріне қоңырау шалыңыз
2. Барлығын үйден шығарыңыз
3. Терезелерді ашпаңыз-өрт тезірек жанады
4. Егер түтін болса - аузыңыз бен мұрныңызды дымқыл шүберекпен жабыңыз

Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз! Өртті сөндіруден гөрі алдын алу оңайырақ.

Ө.ҚАБДЕШОВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Құрғақ от тұзағы

Құрғақ - бұл бірден өртеніп, үлкен өртке әкелуі мүмкін кептірілген ағаштар мен бұталар. Әсіресе ыстық және желді ауа-райында қауіпті.

Неліктен құрғақ қауіпті?

- Өртті басқа аумақтарға тез таратады
- Ат үстінде өртті тудыруы мүмкін
- Тығыз қопаларға байланысты

бұқтыруды қиындатады

Өртті қалай болдырмауға болады?

- ▶Аумақты құрғақтықтан тазалаңыз
- ▶Өртке қарсы жолақтар жасаңыз
- ▶Өрт қауіпті маусымда от жағуға болмайды

- ▶ТЖМ немесе орман шаруашылығында құрап қалған үйінділер туралы хабарлаңыз

Есіңізде болсын: бір сөндірілмеген темекі тұқылы немесе ұшқын апатқа әкелуі мүмкін! Табиғат пен қауіпсіздікті сақтаңыз!

Е.ТУРСУНОВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі.



стан қажетті иммунитеті балабақшаға барған кезде көп көлемді инфекциядан қорғану үшін осы кезде қалыптасады. Ауру балалық шағында ауыр түрде өтеді. Кейбір ата-ана егуге салғырт қарап немесе бас тартып өз баласын аурушандыққа итермелейді. Дәрігер ұсынған тізім мен егу уақытын сақтау қажет. Бүгінгі таңда қызылша, көкжөтел мен дифтерия ауруына шалдығулар дамыған елдерде бірен-саран тіркеледі. Бұл вакцинацияның тиімділігінің талассыз айғағы болып табылады. Ата-аналар балаларының вакцинациясына жауапкершілікпен қарауы керек.

Ең бірінші, әрбір ата-ана бұл екпенің не үшін керек екенін білуі керек. Пайдасы болатынына сену керек. Екіншіден, екпе салмаса қандай қауіп барын түсінуі тиіс. Одан кейін баланың жалпы бұрыннан қандай екпе алғанын, қай екпеге аллергиясы немесе реакция болғанын білуі керек. Дәріге, тамаққа қандай аллергия бар соны да білуі тиіс. Екпеге барарда баланың жағдайына да қарау қажет. Со-

зылмалы аурулары, басқа ауруы бар ма соның бәрін біліп, екпе салатын дәрігерге айтуы тиіс.

Вакцинацияға жіберер алдында дәрігер қандай инфекцияға қарсы егу жүргізілетіні және қандай препарат салынатыны жайлы айтып түсіндіреді. Дәрігер вакцина қоюдың алдында баланы қарап, ата-анасы толығымен ақпараттанған болуы тиіс және өз қалаулары бойынша ақпараттық келісім жазылады.

Құрметті ата-аналар! Вакцинациялау арқылы алдын алуға болатын жұқпалы аурулардан жер бетінде жүзмыңдаған балалар өмірмен қоштасуда.

Біз аталмыш аурулардан балаларымызды қорғаудың ең сенімді жолы -уақытылы вакцинациялану екенін естен шығармауымыз қажет.

Г.ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

●7 мамыр - Отан қорғаушылар күні

Жас шекарашылар әскери ант қабылдады

2025 жылғы көктемгі шақырылым аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Кәсіптік және техникалық дайындық бөлімінде салтанатты шара өтті.

Шара барысында үш жүзден астам жас сарбаз туған еліне адал қызмет етуге, Отанды жанқиярлықпен қорғауға серт беріп, әскери ант қабылдады. Бұл — олардың әскери өмір жолындағы маңызды әрі жауапты қадамдарының бірі.

Салтанатты рәсімге бөлім командирлері, ардагерлер, сарбаздардың ата-аналары мен туған-туыстары қатысты. Сөз алғандар жас шекарашыларға сәттілік тілеп, ел қауіпсіздігі жолындағы қызметтерінің абыройлы болуына ниеттестік білдірді.

Әскери ант қабылдау рәсімі — сарбаздың азаматтық өмірден әскери қызметке қадам басқанын білдіретін ерекше әрі мағыналы күн. Бұл жас сарбаздардың ел қорғаны болуға деген алғашқы ресми уәдесі.



Жетісу облысында «Жеңіс эстафетасын» қарсы алу салтанаты өтті

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті шекарашылары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіс эстафетасын» қабылдау салтанаты өтті.

Бұл маңызды іс-шара Абай облысының Аягөз қаласында ұйымдастырылып, Жетісу облысы, Ұшарал қаласында жалғасын тапты.

Салтанатты шара барысында жергілікті атқарушы органдармен, өзара іс-қимыл жасайтын ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктерімен эстафетаны қарсы алу аясында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Жергілікті тұрғындар да ат салысты.

Жиналған қауымға З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламалары ұсынылып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

Қанды қырғында қаза тапқан

Мен Мағрипа Мұхаметқалиқызы Бекежанова, 1941 жылы соғыстан екі ай бұрын бұрынғы Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келіпін. Әкем Мұхамәдиев Мұхаметқали 1914 жылы туған. Соғыстан бұрын Андреевка ауданының Лепсі елді мекенінде әскери бөлімде қызмет атқарған сауатты адам екен. Соғыстан бір жыл бұрын туған ауылына оралып, сауатсыздықты жою мектебінде сабақ беріпті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқы лекпен Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанды.

Анам Мұхамәдиева Гүлбахирам (1917-1995) саналы ғұмырын Көктеректе өткеріп, әкемізден қара қағаз алған соң соғыстан кейін Жүнісов Жанбол атты азаматқа тиіп, одан ұрпақ өрбітті.

Соғыс салған жарақат жазылмайды екен. Әкем жайында жақсы хабар естігім келіп, өткізген жылдар басымыздан өтті. Қазір өзім де ұл-қыз өсірген ана болсам да Ұлы Отан соғысына қатысып, туған еліне оралмай қалған әкеге деген сағынышымды жеткізгім келеді. 1997 жылы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясынан жарық көрген «Боздақтар» кітабының екінші томында Бөрлітөбе ауданынан аттанған майдангерлер қатарында әкем туралы төмендегідей дерек бар екен:

«Мұхамәдиев Мұхаметқали, қатардағы жауынгер. 1914 жылы Бөрлітөбе ауданындағы М.Горький атындағы колхозда дүниеге келген. Осы ауданның әскери комиссариатынан әскерге шақырылған. 1945 жылы қаңтар айында хабарсыз кетті».

Осыдан 80 жыл бұрын адамзат қауымын фашизмнің мәңгі құлдық құрсауынан құтқарған жеңіс күнін көре алмай кеткен ардақты әкем, балаларымның атасы жайында мол дерек қалмағаны өкінішті. Дегенмен бұл кісінің есімі ұрпақтарының жүрегінде сақталады.

Мағрипа БЕКЕЖАНОВА.

Алмалы ауылы.



Бейбіт өмір сыйлаған

Биылғы жылы адамзат тарихындағы ең қасіретті соғыстардың бірі – Ұлы Отан соғысының жеңісіне 80 жыл толып отыр. Бұл – тек уақыт өлшемі ғана емес, ұрпақтар жадындағы ұмытылмас ерлік пен жеңістің мәңгі естелігі. 1941 жылы 22 маусымда басталған бұл соғыс Кеңес Одағы халықтарының басына ауыр сынақ болып төнді. Қазақстан да бұл ауыр кезеңде өз үлесін қосты.

Көптеген қазақ жауынгері майданға аттанып, олардың көпшілігі Отан үшін жанын қиды. Батырларымыздың қатарында Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов сияқты аты аңызға айналған ерлердің рухын көтерген аналарымыз болды. Соғыс жылдары Қазақстан тек жауынгер жіберіп қана қоймай, тылда да жан аямай еңбек етті. Азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ өндіріп, майданды қажетті құралдармен қамтамасыз етуге атсалысты. Халықтың бірлігі мен қажырлы еңбегі – Жеңістің кепіліне айналды. 80 жылдық – бұл тарихи оқиғаны еске алу ғана емес, сонымен қатар бейбітшіліктің, достық пен ынтымақтың құндылығын,

зардабын ұғыну. Бізге мұра болып қалған Жеңіс – батыр бабаларымыздың ерлігі мен халқымыздың табандылығының нәтижесі. Оларды ұмытпау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы. Ұлы Отан соғысының 80 жылдығы – тарихқа тағзым ету, ерлікті еске алу, бейбіт күннің қадірін білуге бағытталған маңызды дата. Бұл күн – ұрпаққа үлгі, елге аманат.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Сарқан филиалы, Сарқан ауданы бойынша -7548, Бөрлітөбе ауданы бойынша - 4758 Ұлы Отан соғысының қатарына шақырылған адамдардың тізімін жасады. Бұл соғыс 70-тен астам елді, 1,7 миллиардқа жуық адамды қамтыды. Олардың жартысына

жуығы майданнан оралмады. Қазақ халқы Ұлы Отан соғысына тек майдан шебінде ғана емес, тылда да зор үлес қосты. Қорытындылай келе жастарымыз тарихты құрметтеп, бейбіт өмірдің маңызын түсінуі қажет. Бұл күн соғыстан қайтпаған аталарымыз бен аналарымыздың рухына тағзым етіп, ерліктерін ұлықтайтын күн.

Күткен Жеңіс жарқ етті сәуле шашып, Жеңіс келді, қуандық көңіл тасып, Жауды жойып батырлар елге оралды, Ата-анамен қауышты құшақ жайып. Мамыр келді, ағаштар бүрін жарып, Бейбіт өмір оралды жеңіспенен, «Шүкір»-деп әжелер жүр ақжаулықтың. Ұшымен көздің жасын сығып алып. Аспанда күн жарқырап күліп тұрды, Бейбіт өмір шаттығы тұнып тұрды. Соғыстан соң сәбилер күлкісімен, Қара күндер қайғысын ұмыттырды.

М.КАРИПОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Сарқан филиалының директоры.

Ерлікке тағзым

1941-1945 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қазақстандық жерлерден 1,5 миллион адам қатысқан. Алмалы ауылынан 400 адам Отан қорғауға аттанған. Солардың бірі болып менің атам Сербаев Кенжебай Түлеубаевичта қолына қару алып майданға кетеді. Ол 1918 жылы Талдықорған облысы Сарқан ауданы Новопокровка ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Отан алдындағы борышын өтеп, мерзімі аяқталып, дәл үйге қайтар кезде 1941 жылы 22 шілдеде Ұлы Отан соғысы басталып атам бізден майданға аттанады. 1943 жылы қатты ұрыста сол жақ иығынан жарақат алып, әскери госпитальда 8 айға жуық емделеді. Елге оралуға рұқсат берілсе де, атамыз сұранып майданға жол тартады. Атам Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Соғыс аяқталғаннан кейін 1947- жылы аман- есен елге оралып, еңбекке араласады. Колхоздағы жұмысқа шығып аянбай еңбек етеді. 1995 жылы 25-мамырда 79 жасында қайтыс болған. Ел ішінде «Тегінде бар тегі озар» дегендей Кенжебай атамның ұрпақтары бүгінгі күні түрлі салада қызмет етеді. Жылда 9- мамырда үйде атамның мерекесі деп дастарқан жаю дәстүрге айналған. Мен атамның қиындыққа толы өмірін естіп отырып, нағыз ерлік деп ойлаймын. «Отан үшін күресерге тиген үлес» дегендей мен де ержеткенде Отанымды қорғайтын азамат боламын. Аталарымыздың берген баға жетпес Жеңіс күні құтты болсын!



Арсен КЕНЖЕБАЙ,
Алмалы орта мектебінің 7 сынып оқушысы.

Әбішұлы Зәкен (Зарлық)

1908 жылы Талдықорған облысы Сарқан ауданы Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген. Жас Зәкен ауылдағы білімді молда Қабзолдадан дәріс алады, арапша хат танып, құранды еркін оқиды.

1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игереді. Әскерден оралған соң, колхоз жұмысына араласады. Үйленіп, баласы (Өмірзақ, Беқұзақ) болғанда елге соғыс туралы суық хабар жетеді.

1941 жылы алғашқылардың бірі болып қолына қару алып, Отан қорғауға аттанады.

1944 жылы ауыр жараланып, оң аяғы сол аяғынан 15 см. қысқа 1-ші топтағы мүгедек болып елге оралады. Келісімен ауылдағы еңбекке араласады. Соғыс аяқталмаған кез, атамызды осы кемтар қалпында тағы майданға алып кетеді.

1945 жылы атамыз туған еліне жеңіспен оралады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбектері үшін бірнеше медальдармен, 1-дәрежелі орденмен марапатталды. Атап айтар болсақ: "Жеңіске 20 жыл, 30 жыл, 40 жыл" медальдарымен, "СССР қарулы күштеріне 70 жыл" медалі және батылдығы, ерлігі үшін 1-дәрежелі орденімен марапатталады.

Атамыз сол кездегі солақай саясатқа қарамастан, мұсылмандық дінді құрметтеп, қожа, молда болып ел ризалығына бөленді.

Қуанбек шешеміз екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірді. Олардан бірнеше немере, шөбере, шөпшектер арқылы ұрпақтары өсіп жалғасуда.


Б.МУСТАФИНА,
Жетісу орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.



Туған жеріне тағзым етіп, халқына өнеге болған азаматтар аз емес. Қанша жылдар өтсе де ол туған жеріндегі адамдардың, артында қалған ұрпағының үлгі тұтарлық мақтанышы саналады. Өзі өмірден өтсе де оның есімі, Отанына жасаған борышы еңбегі жақындарының жадында жүреді. Тек жақындарының емес, өз мекенінің сыйлы тұлғасына айналады. Туған өлкесіндегі адамдардың есінде қалып, құрметіне бөленіп, мәңгі жасайды.

Соның бірі Ұлы Отан соғысының ардагері, туған жерінің сыйлы азаматы - Сарбасов Муслим Алмағамбетұлы.

Атамның еңбек жолы, ұрпағына қалдырған тәрбиесі біз үшін адалдық, еңбек-қорлық, отансүйгіштік пен ерліктің жарқын үлгісі болып табылады. Сарбасов Муслим 1920 жылы Қарағанды облысы, Қарсақбай ауданы, Ұлытау ауылында дүниеге келген. 16 жасқа дейін сол мекенде өмір сүреді. Кейін 1936 жылы Жетісу өңірі, Талдықорған облысының, Сарқан ауданына көшіп келген. Небәрі 19 жасында 1939



алғашқы кезеңінен майданға енген. 1943 жылы қараша айында «Гвардия старшинасы» лауазымында, ауылға жаралы болып оралған. Ерен еңбегі үшін екі «Қызыл жұлдыз Ордені», «Ұлы Отан соғысының I дәрежелі Ордені», «Ерлігі үшін» атты он шақты медальдармен марапатталған. 1943 жылы апам Сарбасова Жамашпен үйленіп, отбасын құрған. Олардың шаңырағынан төрт

Аманбөктер, Шатырбай ауылдық кеңесін басқарды. Энергия колхозында мал шаруашылығы маманы (зоотехник) лауазымын да атқарды. 1962 жылдан бастап Ақсу ауданы, Тарас ауылында тұрып, қызмет істеп, зейнеткерлікке шықты. Бірнеше жыл өте 1988 жылы 68 жасында өмірден озды. Өзінің өмір жолында еліне борышын өтеп, халқына қызмет етіп, саналы ұрпақ тәрбиелеумен өтті. Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына орай көптеген тарих беті қайта жаңарып, естеліктер еске оралып жатыр. Қазақ халқы өз ата-бабасын, ата-анасын құрметтеген текті ұлт. Сол себепті де атамның жүріп өткен жолы, халыққа сіңірген қызметі, ұрпағына үлгі болатыны анық. Біздің бүгінгі бақытты өміріміз, еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуы да осы аталарымыздың үлесінен болса керек. Артына із қалдырып, ұрпақ әкелген, ел өміріне елеулі үлес қосқан аталарымыздың ісі ешқашан ұмытылмайды. Менің атам-менің мақтанышым!

МЕНІҢ АТАМ- МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

жылы 30 қараша – 1940 жылы 12 наурыз аралығында КСРО мен Финляндия арасында болған соғысқа қатысқан. 1941 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының

ұл - Мейрамғали, Ержан, Мейрбек (Ермұхан), Абай, үш қыз - Майраш, Марва, Меруерт өрбіді. 1944 жылдан бастап еңбекқорлығының арқасында

Арайлым АБАЙҚЫЗЫ,
№1 мектеп-гимназиясының
11 сынып оқушысы.

Ұлы Жеңіс – біз үшін ерекше мереке



Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс – біз үшін ерекше мереке. Бұл жеңіс өзін-өзі құрбан қылу мен күйзеліске, қайғы қасірет пен қуанышқа толы.

Бұл мереке бұрынғы Кеңес Одағының халықтары үшін аса қымбат. Олар екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі ауырпалықтарына төтеп беріп, фашизмді талқандауда шешуші үлес қосқанын бүкіл әлем мойындады. Өзі қысқа бірақ мағынасы терең «Жеңіс» сөзінің артында миллиондаған сарбаздардың ерлігі мен батырлығы, тылдағы ауыр еңбек тұр.

Ия, бүгінде Кеңес Одағы деп аталатын біртұтас үлкен ел жоқ. Бірақ Ресей және басқа бауырлас республикалармен бірге бастан кешкен оқиғалар біздің тарихымызда, жүрегімізде мәңгі сақталмақ. 1945 жылдың мамыр айынан бері көптеген жылдар өтті. Соғыс жылдарының ауырталығы мен қасіретін білмейтін адамдардың төртінші буыны дүниеге келді. Тағы да көптеген жылдар өтіп, жаңа ұрпақтар дүниеге

келеді, бірақ аталарымыз бен бабаларымыздың ерен ерлігі қазақстандықтардың жүрегінде мәңгі сақталмақ. Ал біз үшін сол жылдар шығынға ұшырау мен жоғалтуларға толы. Жеңіс күні ең ауыр, қатыгез және қантөгіс соғыста отан бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен аталарымыз бен бабаларымыз үшін мақтаныш символына, ерліктің, ұлылықтың, рухтың, халқымыздың ерік – жігерінің, Қазақстан Республикасы абыройының нышанына айналды.

Жеңіс күні біз Ұлы Отан соғысы даласынан қайтып оралмаған барлық адамдарды еске аламыз. Берік рухты, қайсарлығы мен жеке батылдығымен, жеңіске ұмтылудағы шыдамдылығы мен жігерлігін көрсеткендерге ризашылығымызды білдіреміз.

Бұл біздің ардагерлерімізге деген құрметіміз. Сонымен бірге біз тыныш еңбек етіп бейбіт өмірге қуанып, болашаққа жоспар құрып, ертеңгі күнге сенімді болу үшін жан кешті күрескен аталарымыз туралы немерелер және шөберелердің есінде сақталуы керек.

Осы орайда мен үлкен атам Естеуов Қасымбек туралы айтқым келеді. Ол 1908 жылы Семей облысы Шұбартау ауданы №12 ауылда орта шаруа отбасында дүниеге келген. 1930 жылдары ашаршылық кездерде, күнкөрістің қамымен Жетісу жеріне яғни бұрынғы Покатиловка селосына (қазіргі Екіаша ауылы) қоныс аударған. 1936 жылы Красный партизан колхозында ең алғашқы тракторын көршісі Галич Петр Иванович екеуі 1942 жылға дейін жүргізген. Соғыс басталғанда механизаторларға бронь беруіне байланысты соғысқа алмаған. 1942 жылдың 10 ақпан күні Сарқан аудандық комиссариатқа барып жүріп өз еркіменен Қызыл армия қатарында соғысқа аттанған. 829 артиллерия полкі, екінші Чернигов атқыштар дивизиясы, 1-ші Украина майданында неміс басқыншыларына қарсы соғысқан.

1943 жылы майданда жүріп Коммунистік партия қатарына өткен. 1944 жылы Украинаның Кривая – Гора Чкаловичі селосы маңында кіші сержант Естеуов Қасымбек зеңбірек дивизионында тездетіп жеткізу взводуын басқарған. Батарея фашистердің жаяу әскерлерін тойтарып, немістерінің тылға өтіп кеткен танктер мен жаяу әскерлеріне Естеуов Қасымбек басқарған взвод жауынгерлері өздерінің қаруларымен оқ жаудырып, оқ - дәрілерді аман - есен батареяға жеткізген. Осы көрсеткен ерлігі үшін Совет одағының жоғарғы президиумы «За отвагу» медалімен марапаттаған.

Қасымбек атам Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін орден, медальдарымен марапатталған.

1946 жылы соғыстан аман - есен оралғаннан кейін Аманбөктер совхозында, Семіречье колхозында ферма меңгеруші болып қызмет атқарған. 8 баласы, 24 немересі, 32 шөбересі бар. Соғыста алған жарақаттан 1962 жылы дүниеден өткен.

Дидар ӘСЕТБЕК,
шөбересі.

1941 жылдың 22 маусымында таң шапағы арайланып келе жатқанда елімізге қауіп төнді. Фашистік Германия Совет Одағына соғыс жарияламай опасыздықпен басып кірді. Халқымыз адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге душар болды. Ол кезде Совет Одағы он бес республиканы қамтыды. Соғыстың алғашқы күнінен-ақ Совет Одағының әрбір азаматы жан тәнімен Отанын қорғауға аттанды. Әрбір қала үшін қиян-кескі ұрыс болды. Совет армиясының әскерлері неміс басқыншыларына қарсы жан аянбай шайқасты. Бұл қанды соғыс тарихта екінші дүниежүзілік соғыс ретінде есте қалды, ал одақтас республикаларда «Ұлы Отан соғысы»-деген атаумен қалды.

Жеңісті жақындатқан қайран ерлер

Сұрапыл соғыста жаумен шайқасып опат болғандар өз алдында, туған жеріне аман оралып, елдің көркеюіне өз үлесін қосқан аталарымыздың бүгінде бірде-бірі өмірде жоқ. Бірақ олардың ұрпақтары балары мен немерешөберелері өсіп - өнгені көңілге медет. Соғыстан кейінгі жылдары дүниеге келген балалардың өзі бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан абыз аталар аттанып отыр. Алайда сол бір от пен оқтың ортасынан оралған, жауға қарсы кеудесін тосып, қан кешкен майдангерлеріміздің ерлігі өз деңгейінде бағаланып келе ме?! Десе де ешқашан ұмытылмайтын, әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен ардагер ата-апаларымыздың ерен ерлігін ешкім де ешқашанда ұмытпақ емес. Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді. Соғыстың өткір жалыны біздің Көктерек ауылын да шарпыды. Ресми деректерге сүйенсек ауылымыздан 175 адам соғысқа кетіп, олардың 88-і елге аман оралады. Ардагерлеріміздің бәрінде «Ерлігі үшін», «Отанды қорғағаны үшін» медальдары мен екінші дәрежелі «Даңқ» ордені, төрт бірдей ардагеріміз «Қызыл жұлдыз» орденімен оның ішінде Серғазин Бабаштың 74 жылдан кейін «Қызыл жұлдыз» ордені қызы Серғазина Білімге табыс етілді. Елге жұдырықтай жүрегін сүйретіп құр сұлдері келіп жаралы жанына туған жерінің топырағы бұйырған жауынгерлер де соғыс құрбандары емес пе? «Жаныңнан күдер үзіп соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың» - деген Бауыржан Момышұлының жалындау сөзінен бұл Жеңістің қаншалықты қиын, қаншалықты қымбат екенін сеземіз. Біздің ауылда майданға аттанған ардагерлеріміздің қай-қайсы да батырға лайық жандар. Мектебімізге майданда аяулы есімі асқақтаған ерен ерлігімен тарих бетінде есімі алтын әріппен өрілген батыр қыз, шығыстың қос шынарының бірі Мәншүк

Жиенғалиқызы Мәметова (шын есімі Мәнсия) есімі берілген. Біз әркез батыр қызға тағзым етіп, құрметпен еске аламыз. Әлемге даңқы шыққан қазақтың қаршадай қызы жұмыр жердің бетінде не бәрі 21 жыл 13 күн өмір сүріп, майданда 418 күнде ерлік ісін қалдырып үлгерді. Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ. Ерлік-ұмытылмайтын ұғым. Шыбын жандарын шүберекке түйіп қауіп-қатерге қарсы тұрып, өлімге басын тігіп, оқ пен отқа оранған майдан даласында қару асынып, қан кешіп елі үшін өмірін қиған боздақтарымыз бен еліне жаралы келген жауынгерлердің табандылығы мен төзімділігі көзсіз ерліктерінің арқасында осы бейбіт өмірге, Ұлы Жеңіске жеттік.

Совет Одағының бірлігі мен достығы арқасында 1945 жылы 9 мамырда «Ұлы Отан» соғысы жеңіспен аяқталды. Біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ аталарымыз бен апаларымыздан соғыстан аман-есен оралған ардагерлерімізден естігенде жанымыз түршігіп жүрегіміз егіледі. «Соғыс»- деген суық сөзді енді естімесек екен қаншама ердің қанын төккен, қаншама ана қасірет шеккен осы бір суық сөз жер бетінен мәңгі өшсе екен. Баянды тыныштығымыздың ғұмыры ұзақ болып жер бетіндегі барлық халық бейбіт өмір сүрсе екен деймін.

Міне, биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі.

Бізге бейбіт өмір сыйлаған даңқты бабаларымыздың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Ұмыт болып, ұмыт қалған жоқ ешкім, Ешбірі де ұмытылмайтын ұлы есім. Ұрпағына бейбіт өмір сыйлаған, Ардагерлер естелігі соғыстың.

Г.КАСЕНОВА,
Көктерек ауылы М.Мәметова
атындағы орта мектебінің
кітапханашысы.

•Сағыныш

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты.

Біздің мектеп бітіргенімізге 50 жыл өте шығыпты. 1965-1975 жылдары бүгінгі Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай станциясындағы №250 орта мектепте оқыған сыныптастарым алпысты алқымдап, жетпіске қадам басып барады.

Ең ұзақ сапар табалдырықтан басталады екен. Бала көргеннен жазбайды, танығанынан тайқымайды. Оның өнегесі де, тәрбиесі де ең алдымен отбасында көргенінен, ата-анасының болмыс-бітімінен басталмақ. Содан кейін мектеп, осынау қасиетті мекеннің ұлағатты ұстаздары жас шыбық сынды алдына келген өндіріс өскінді дұрыс баптап өсіреді де болашаққа бағдар береді.

Ақтоғайда екі мектеп оқушыларға білім берді. Біз оқыған №250 Теміржол мектебі кейіннен №55, одан соң №8 мектепке айналды.

Кездесу, жүздесулер жанға дәрі,
Жетелер алғы күнге арман әлі.
Елу жыл тарих болып тарамдалып,
Кемелді келер күнмен жалғанады.

Түседі жиі есіме бал шақтарым,
Сезімнің шашып алғам моншақтарын.
Аралас-құралас боп біразыңмен,
Көбіңнен хабар алмай алшақтадым.

Бала едік, ашық еді аспанымыз,
Күн сайын қосылатын бастарымыз.
Есімде қарсы алатын Нәси апай,
Мектепке алғаш қадам басқанымыз.

Мектептегі ұстаздарымыз арасынан алғашқы мұғаліміміз Нәсихат Нұрахметова, оқу ісінің меңгерушісі Зүбарзат Буланова, қазақ тілі пәнінің тәжірибелі оқытушылары Кабира Разбекова, Жамике Ахметова, Сағаш Абсеитова, орыс тілін санамызға құйған тәжірибелі ұстаздар Балшекер Амангелдинова, Шайза Ашимова, математик Алтын Каукербеков, Төлеуғайша Әзімханова, тарихшы Аймахан Әділханова есіме түседі.

Задында ұстаз еді туабітті,

Тағдырмен қабілеті сыналды.

Директор Мұқатай аға Иманбаев,
Жазушы еді қаламы, сірә, құтты.

Біз Мұқатай аға Иманбаевтың директорлығы тұсында білім алдық. Мұқатай аға әдеби ортаға жазушылығымен танылған қаламгер болатын. 1972 жылы Бөрлітөбе ауданы құрылғанда жаңа ауданның оқу бөлімін басқару осы кісінің маңдайына жазылды.

Бөрлітөбе аудандық газетіне келуіме 1973-78 жылдары аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Мұқатай Иманбаев игі ықпалын тигізген



«Құдай-ау,
қайда сол жылдар...»

болатын. Бұған дейін мен оқыған Ақтоғай стансасында № 250 мектепте директор болған Мұқатай аға ауылға бір келген сапарында оқуға түсе алмай елде жүрген маған редакцияға жұмыс істеуге кеңес берді. Ауданға барған соң сол кезде жазушылығы мойындалып үлгерген Мұқаңмен жиі сұхбаттасып, жазғандарым туралы пікірлерін естуге асығатынмын.

Мұқатай ИМАНБАЕВ 1928 жылы Сарқан ауданының Қарабөгет ауылында дүниеге есігін ашқан. Лепсі педучилищесін бітірген. Жастығы соғысқа шарпылып ерте есейген ұрпақ өкілі қай қызметте жүрсе де сабырлы қалпынан танбай, абырой асқарынан төмендеген жоқ. Бөрлітөбе аудандық оқу бөлімін басқарған оның өмірінің соңғы жылдары Талдықорған қаласында өтті. Қалалық оқу бөлімін басқарды, мектеп-интернатқа жетекшілік жасады. Жауапкершілігі мол осы қызметтерді атқара жүріп, «Сен енді оқушысың», «Жолда», «Сұлу», «Жеткіншектер» атты кітаптары жарық көрді. СССР Жазушылар Одағының мүшесі болды. Жазғандары туралы жақсы пікірлер жарияланып жататын. Мен де кезінде облыстық, республикалық басылымдарда «Жеткіншектер» атты кітабына пікір білдірген едім.

Нәсихат апай бізді төртінші сыныпқа көшірген жылы отбасылық жағдайымен қоныс ауыстырды да сынып жетекшілігін Масхуда Бабаджанова алды. Сол жылы ғана жоғарғы оқу орнын физика мамандығы бойынша бітіріп келген жас маман қыздарынан ұлдары көп тәртіпке бағына қоймайтын класты аз ғана уақыт аралығында игеріп кетті. Төртіншіні, бесіншіні біз физиканы

етіп, өмірден өз жолдарын тапты.

Үмітпіз, үлкендердің сенгені біз,
Бойдағы жалқаулықты жеңгеніміз.

Жетектеп жолға салған Масхуда апай,
Ойымнан кетер емес еңбегіңіз.

Жанымды желпіп елдің нұры мына,
Бойладым ақындықтың тұнығына.
Зүбәрзат, Кабира апай, Жамике апай,
Қандырған туған тілдің уызына.

Ұстаздар ұлағатын жазып өтем,
Өмірлік өнегесін азық етем.
Төлеуғайша апайдың бойындағы,
Бекзат болмыс кімдерге дарыды екен.

Бүгін жан сырымызды ақтарамыз,
Айтады сіздер жайлы достар аңыз.
Балшекер апай мектеп көшбасшысы,
Шайза апай, біз сіздермен мақтанамыз.

Есейдік, кеңіттік біз керегені,
Білмеймін келер күнім не береді.
Жетелеп ата-анамыз жүруші еді,
Жетелеп жүрміз бүгін немерені.

Осында өсіп-өнген өскін едім,
Жеткізсем өлеңіммен көп тілегім.
Кешегі достың көбі бақилық қой,
Соларды көп іздейді ет жүрегім.

Бірге өсіп тай-құлындай жарысқаным,
Бір жүріп арманымды сан ұштадым.
Кеткендер көздерімнен бал-бұл ұшып,
Амал не, тірілерден алыстадың.

Арманшыл Ақтоғайдан түлеп ұштық,
Ұрпағым туған жерді жүр өріс қып.
Сиремей қатарымыз бір жүрейік,
Достарым, жаны жарқын,

жүрегі ыстық!

Қадірменді кластастарым, арада өткен 50 жыл көпшілігімізді өзгерте алмапты. Пенденің бүкіл тіршілігінің аяғы, өмірінің қорытындысы, жасаған күллі тірлігінің нәтижесі – егделікке қадам басқанымызбен сол баяғыдай бір-бірімізге ұқсамайтын қалпымызда алға қарай адымдап келеміз. Шындығын айтқанда бойымызда қан ойнап тұрған жас қалпымызда емеспіз. Жас кезде секіріп өтетін ор-жықпылдарды айналып өтеміз, биіктікке ұмтылмаймыз, тереңдікке құлшынбаймыз. Осы қалпымызда алда көрер жарығымызды Алла көмескілемесін, алда көрер қызығымыздан айырмасын. Баршаңа, айналайын ақпейіл достарым, мықты денсаулық, баянды бақыт, мағыналы ғұмыр тілеймін!

Суреттерде: Бүгін ортамызда жоқ ұстаздарымыз Кабира Разбекова, Жамике Ахметова, Зүбарзат Булановамен мектептегі жүздесуден естелік;

Математик апайымыз Төлеуғайша Әзімханова.



оқымасақ та физик апайдың тәлімімен бітіріп, жоғарғы сыныптарға қадам бастық. Масхуда Әзімханқызы мектеп бітіргенше біздің сол оқу орнындағы анамыздай қамқоршымызға айналды. Сол мектеп қабырғасында жүріп, болашақ мамандығымызды таңдауымызға игі ықпалын тигізді.

Ұлы Абайға Дулат ақынның берген батасын мектеп қабырғасында жүргенде «Абай жолы» романынан оқып, көкейіме түйіп алыппын:

Шырағым, ер жетерсің,

Ер жетсең, сірә, не етерсің.

Алысқа шырқап кетерсің,

Шындасаң шыңға жетерсің,-деуші еді Дулат Бабабайұлы. Біз де, әрине, өсіп-өндік, көгеріп-көктедік, ұлдар ер жетіп, қыздар бой жетіп, әр салада жемісті еңбек

Біраік бар жерге - тіраік бар



1 мамыр Қазақстан халқы үшін ерекше мереке. Бұл күн елімізде тұрып жатқан сан ұлт өкілдерінің ынтымағы мен татулығын дәріптейтін Қазақстан халқының бірлігі күні. Черкасск ауылдық кітапханашысы С.Ахметжанова 2025 жылдың 30 сәуірі күні кітапханада "Бірлік бар жерде - тірлік бар" атты тақырыпқа тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына Черкасск орта мектебінің 3-4 сынып оқушылары қатысты. Шара барысында: кітапханашы "Бірлік"- деген жай ғана сөз емес, ол өзара түсіністік, қамқорлық, кешімдірілік. Еліміздің тұтастығын сақтап, бейбіт өмірді баянды ету - әр азаматтың борышы екенін мәлімдеді. Оқушылар Қазақстанда өмір сүретін түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт- дәстүрі, тілі мен киім үлгілері туралы мәліметтерімен бөлісті. Бұл шараның мақсаты: оқушылар арасында достықты нығайту, ұлтаралық татулықты насихаттау, сондай-ақ еліміздегі бейбіт өмірдің қадірін ұғындыру болды.

С. АХМЕТЖАНОВА,

Черкасск ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

•Құман Тастанбеков – 80

Сұлулық пен Махаббаттың символы!

Марқатау баурайында туып, өскен,
Бар өнерді бойына жиып өскен.
Ғашық еттің өзіңе Жібегінді,
Көркем мінез, сұлу келбет, сымбатыңмен.

Егіз аққан екі өзеннің жағасында,
Орналасқан туған жерің Екіаша.
Сырғып ағып таудан түскен қос өзенді,
Ұқсаттың ба Жібегіңнің бұрымына?

Тірілтіп экранда Төлегенді,
Жолықтырдың көш қуалап Жібегінді.
Қосылып аңыздағы ғашығыңа,
Өнермен өрнектедің өміріңді.

Жібек-Меруерт, Төлеген-Құман болып,
Қосылдыңдар бір-біріңе ғашық болып,
Қыз-Жібек пен Төлеген образы,
Тағылды өздеріңе тұмар болып.

Дәріптеп салт-дәстүрін халқымыздың,



Өлем жұртын таңдандырып араладың.
Сұлулық пен Махаббаттың символы боп,
Күллі әлемді өнеріңмен бағындырдың.

Аталып өтіп жатыр 80-жасың,
Мәңгіге ұмытпайды сені халқың.
Қол ұстасып бас қосқан қос ғашыққа,
Тілейік Құман-Меруерт махаббатын!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.
Сарқан қаласы.

● Заң және тәртіп

Монополияға қарсы органның нұсқамалары орындалды

Қазақстан Республикасы Бәсеке-лестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша Сарқан ауданы «Балалар шығармашылық үйі» МКҚК, Алакөл ауданы «Үшарал қалалық балалар шығармашылық орталығы» МКҚК және Панфилов ауданы «Дәнеш Рақышев атындағы өнер мектебі» МКҚК кәсіпорындарының жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы №1095 Қаулысына сәйкес келмейді, бұл Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзады.

Анықталған бұзушылыққа байланысты Департамент жіберілген сәйкессіздіктерді жою туралы нұсқама шығарды. Қазіргі уақытта нұсқама толық көлемде орындалды.

Бұрын сотталған азаматтарды мемлекеттік қызметке қабылдауға тыйым салу мәселесі

ҚР Конституциялық Сотының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 57-НҚ нормативтік қаулысымен (2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 11) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға қатысты азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруге қатысты мәселе қарастырылды.

Конституциялық соттың бұл қаулысымен ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған азаматтарды мемлекеттік қызметке қабылдауға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылған.

Яғни Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулысында жазылған қолданыстағы заңнама талаптарына сай, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған азаматтарды мемлекеттік қызметке қабылдауға тыйым салынады.

Сарқан ауданының прокуратурасы.

ЖОНГАР-АЛАТАУСКОМУ ГОСУДАРСТВЕННОМУ НАЦИОНАЛЬНОМУ ПРИРОДНОМУ ПАРКУ - 15 ЛЕТ

В 2025 году Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк отмечает своё 15-летие — важную веху в истории одного из самых уникальных природных уголков Казахстана. Основанный в 2010 году с целью сохранения и восстановления природных комплексов Северного Джунгарского Алатау, парк за эти годы стал не только надёжным щитом для редких экосистем, но и центром научной, просветительской и эколого-туристической деятельности.

Территория национального парка охватывает более 350 тысяч гектаров горных, лесных, степных и альпийских ландшафтов. Здесь сохранились древнейшие реликтовые леса, в том числе уникальные дикорастущие яблони Сиверса — предки всех современных сортов яблок. Животный мир парка представлен более чем 40 видами млекопитающих, среди которых — снежный барс, тьяньшаньский бурый медведь и архар. Парк также стал важной территорией для охраны редких видов птиц и насекомых.

За 15 лет сотрудники Жонгар-Алатауского ГНПП провели значительный объём научных исследований: изучены особенности эндемичных растений, мониторинг численности редких животных, ведётся активная работа по борьбе с интродуцентами, болезнями и вредителями лесов. В парке развивается экологическое просвещение: регулярно проводятся лекции, выставки и школьные экскурсии для юных натуралистов.

К 15-летию парка была организована международная научно-практическая конференция, собравшая учёных, специалистов в области охраны природы, представителей государственных и об-



щественных организаций, вузов и природоохранных учреждений из разных регионов Казахстана и зарубежья. В ходе конференции обсуждались вопросы сохранения биоразнообразия, адаптации экосистем к изменениям климата, устойчивого экотуризма и взаимодействия с местным населением. Выступления и дискуссии подчеркнули важность опыта Жонгар-Алатауского ГНПП как модели устойчивого природопользования.

Праздник сопровождался множеством поздравлений от коллег — государственных природных заповедников, национальных парков, научных институтов и университетов Казахстана, а также местных региональных органов управления и других организаций. Тёплые слова признания и поддержки стали символом высокого авторитета парка в профессиональном сообществе и важности его природоохранной миссии.

Одной из задач парка остаётся развитие экотуризма. С каждым годом растёт

интерес к пешим маршрутам, экскурсиям и этнографическим программам, которые позволяют гостям глубже прочувствовать богатство природы Жонгар-Алатау. Вместе с этим особое внимание уделяется минимизации антропогенного воздействия и сохранению природного баланса.

Сегодня парк смотрит в будущее с уверенностью и вдохновением. В планах — дальнейшее развитие инфраструктуры, расширение научного сотрудничества, новые проекты по сохранению биоразнообразия и активное вовлечение местных сообществ в природоохранную деятельность.

Пусть 15 лет станут только началом долгого пути служения великой цели — сохранению природы для будущих поколений.

Ю.СТЕПАНОВА,
инженер по экологическому просвещению РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП».

Балық аулауға тыйым салу мерзімдері жарияланды

Жетісу облысында көктемгі уылдырық шашу кезеңіне байланысты балық аулауға уақытша тыйым салу тәртібі мен мерзімдері туралы баспасөз мәслихаты өтті. Шара барысында Балқаш-Алакөл бассейніндегі су айдындарында балық ресурстарын сақтау бойынша қабылданған шаралар туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Балық ресурстарының табиғи көбеюіне қолайлы жағдай жасау мақсатында жыл сайын көктем мезгілінде уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынады.

2025 жылы келесі мерзімдерде балық аулауға тыйым салынады:

• Іле өзенінің жоғарғы ағысында (Шарын өзенінің сағасынан ҚХР шекарасына дейін) — 25 наурыздан 5 шілдеге дейін.

• Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендері мен Балқаш көліне құятын басқа да өзендерде — 15 сәуірден 1 маусымға дейін.

• Балқаш көлінің өзінде — 25 сәуірден 10 маусымға дейін.

• Алакөл, Сасықкөл, Қошқаркөл көлдері және олармен байланысты өзендер мен шығанақтарда — 25 сәуірден 16 маусымға дейін.

Заңға сәйкес, табиғи-климаттық жағдайларға байланысты аталған мерзімдер 15 күнге дейін өзгертілуі мүмкін. Осыған орай, ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде бірқатар су айдындарында тыйым салу мерзімі 10-15 күнге ауыстырылды.

Сонымен қатар, инспекцияның үйлестіруімен жыл сайын өткізілетін «Таза су айдындары» экологиялық акциясы аясында балық аулауға тыйым салынған құралдарды жою және жағалауларды

қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілуде. Биылғы акция 29 наурызда басталып, оған 200-ден астам адам, 70 су көлігі және 30 автокөлік жұмылдырылды. Нәтижесінде 23 шақырымнан астам заңсыз құрылған ау құралдары алынып, жойылды.

Жуырда Балқаш көлі жағалауында кезекті экологиялық акция өткізілді. Сонымен қатар, полиция департаменті өкілінің айтуынша, облыста көктемгі уылдырық шашу кезеңінде балық ресурстарын қорғау мақсатында «Нерест-2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Аталған шара ҚР Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің тапсырмасына сәйкес ұйымдастырылып отыр. Оның негізгі мақсаты — браконьерлікке жол бермеу, экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу және балық ресурстарының табиғи көбеюіне жағдай жасау.

Атап өтейік, жыл басынан бері өңірде балық аулау қағидаларын бұзудың 33 дерегі тіркелді. Оның 7-і бойынша қылмыстық іс қозғалды. Жалпы сомасы 800 мың теңгеден астам айыппұл салынып, төрт тонна балық тәркіленді.

Д.ОРДАБАЕВ,
Сарқан аудандық СЗББ-ның жетекші маманы.

Қол гигиенасы — жиі бағалана бермейтін денсаулық сақтаудың маңызды аспектілерінің бірі. Өйткені, қолды дұрыс және жиі жуу инфекцияның таралуын болдырмаудың және өзіңіздің де өзгенің де денсаулығын қорғаудың тиімді әдісі.

Неліктен қол гигиенасын сақтау маңызды?

Зерттеулер көрсеткендей, көптеген инфекциялар, соның ішінде тұмау, суық тию, диарея және басқа респираторлық және асқазан-ішек аурулары, лас қолдар сияқты жана-су жолымен беріледі. Вирустар мен бактериялар бір беттен екінші бетке немесе адамдармен физикалық байланыс арқылы оңай тасымалданады.

Бұл жерде қол гигиенасы бірінші және ең маңызды кедергіге айналады.

Қолды тек тамақ ішер алдында немесе дәретхананы пайдаланғаннан кейін ғана емес, сонымен қатар ластануы мүмкін басқа жағдайларда, мысалы, жөтелгеннен немесе түшкіргеннен кейін, жануарлармен немесе науқаспен байланыста болғаннан кейін және қоғамдық орындарға барғаннан кейін жуу маңызды.

Қолды қалай дұрыс жуу керек?

Қолды дұрыс жуу — бұл жай ғана сумен жуып, сабын жағу емес. Максималды тиімділікке жету үшін белгілі бір

қадамдарды орындау керек:

1. Қолыңызды сумен сулаңыз.
 2. Сабынның жеткілікті мөлшерін жағыңыз.
 3. Қолыңызды кем дегенде 20 секунд бойы қатты жуыңыз. Осы уақыт ішінде саусақтарыңызға, жұдырықтарыңызға, саусақтарыңыздың арасына және тырнақ астына назар аударыңыз.
 4. Сабынды жылы ағынды сумен жақсылап шайыңыз.
 5. Қолыңызды сүлгімен немесе электр кептіргішпен жақсылап құрғатыңыз.
- Су немесе сабын жоқ жағдайларда

қолды тазарту құралдары тиімді балама бола алады. Жеткілікті дезинфекцияны қамтамасыз ету үшін құрамында кемінде 60% алкоголь бар өнімдерді пайдалану маңызды.

Қол гигиенасы — бұл инфекциялардың таралуын болдырмау және денсаулықты сақтау үшін қарапайым, бірақ күшті шара. Қолды дұрыс жуу өзіміздің және айналамыздағылардың денсаулығын сақтау үшін күнделікті өмірде қолданатын әдетіміз болуы керек.

Ұмытылмауын Ұлы Жеңіс



1941 жылдың 22 маусымы күні сағат таңғы 4-те фашистік Германия Отанымызға тұтқиылдан шабуыл жасады. Әлемді дүрліктірген алапат дауыл халықтың жүрегін қан жылатты. Тыныш жатқан халықты бір-бірінен ажыратып, анасын баласынан, баласын анасынан, бауырынан, әкесінен айырған сұрапыл соғыс басталды.

Бұл халық үшін ауыр кезең еді. Дәл осы кезде «Отан Ана шақырады» деген ұранмен бүкіл совет халқы, оның ішінде Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам майданға аттанды. «Бәрі де майдан үшін» деген ұран тасталды. Партизан отрядтары құрылды. Еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін елі, жері, Отаны үшін арпалысты. Кір жуып, кіндік кескен жері үшін аялап, әлпештеп өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер азаматтар ешқашан ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысына қатысқандардың есімі аңызға айналып, тарихта өшпес із қалдырды. Адамзат тарихындағы осынау Ұлы Жеңіске жетуде біздің жерлестеріміздің де зор үлесі бар. Сарқан өңірінен 14 мыңнан астам адам соғысқа аттанды. Біразы Кеңес одағының батыры атағын алды. Жерлестеріміз ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қасіретті шақта Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін кеуделерін от пен оққа төседі.

Бүгінгі ұрпақ өзіміздің бейбіт өмірімізде, алаңсыз күлкімізде, тыныш ұйқымызда, тербелген тал бесіктің қуанышында Отанды қорғаған аталарымыз бен әжелеріміздің мәңгілік үлесі тұрғанын ұмытпай, аталарымыздың ұрпаққа аманат етіп қалдырған Ұлы Жеңісін қадірлей білейік. Елі мен жерін жанкештілікпен қорғаған әрбір жауынгердің жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмай халық жадында мәңгілік жасай береді.

Жұлдыз ҚАЖЫХАМИТ,
Шатырбай орта мектебінің тәрбиешісі.

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЛАУРЕАТ АТАНДЫ

Өзіміздің жерлесіміз, «Сарқан ауданының Құрметті азаматы, кеден қызметінің полковнигі, Абай ауылының тумасы Бекен Нұрахметов «Менің тағдырымдағы адамдар» атты эсселер жинағы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Бұған дейін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты және «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағын алған ол бүгін әдебиет саласында да өзінің кезекті белесін бағындырды. Бекен Төлеужанұлы оқырманға детектив және деректі әдебиет саласында жиі қалам тербеп жүрген жазушы және журналист ретінде жақсы танымал. Сонымен қатар кеден ісі бойынша бірнеше оқу құралдарының авторы ретінде ғылыми-педагогикалық жұмыспен де айналысады. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.



Бекен Төлеужанұлын лауреат атануымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз.

"Сарқан" газетінің ұжымы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасарының бұйрығымен Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне подполковник Аймуханов Сабит Асылбекұлы бөлім басшысы болып тағайындалды.

1984 жылы 12 шілдеде Қостанай облысы, Ордоникидзе ауданы, Денисов ауылында туылған.



Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын «Құқықтану», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «БМП мотоатқыштар бөлімшесінің командирі» мамандығы бойынша бітірген.

Дербес еңбек қызметі мен Қарулы Күштердегі әскери қызметі:
2006 ж. 01.08 – 2007 ж. 02.12 аралығында Қостанай облысы Қарабалық ауданының ҚІБ бастығының орынбасары - жұмылдыру даярлығы және аумақтық қорғаныс бөлімшесінің бастығы.

2007 ж. 02.12- Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданды.

2007 ж. 02.12 - 2012 ж.19.04. - Қостанай облысы Қарабалық ауданының ҚІБ бастығының орынбасары - жұмылдыру даярлығы және аумақтық қорғаныс бөлімшесінің бастығы.

2012 ж. 19.04. - 2016 ж. 09.03. - Қостанай облысы Амангелді ауданының ҚІБ бастығы.

2016 ж. 09.03 – 2017 ж.11.12. - Қостанай облысы Таран ауданының ҚІБ бастығы.

2017 ж.11.12. - 2018 ж. 25.08. - Қостанай облысы Қостанай ауданының ҚІБ бастығы.

2018 ж. 25.08. - 2023 ж. 11.09. - Қостанай облысы Алтынсарин және Қостанай аудандарының ҚІБ бастығы.

2023 ж. 11.09. – 2025 ж.17.04 - Қостанай облысы Алтынсарин және Қостанай аудандарының ҚІБ бастығы қызметтерін атқарған.

Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген. Этнограф, археолог, академик Ә. Марғұлан қазақ ою – өрнегін егжей – тегжейлі зерттеген. "Қазақтың ертегі жырлары сұлу болатыны сияқты оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке т.б затқа түсірген ою үлгілері сондай өрнекті болған", - деген екен академик ағамыз.

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музей қызметкерлері «Қолөнер - ұлттық мұрамыз» атты тақырыпта көрме ұйымдастырды. Көрмені Ушинский атындағы орта мектеп оқушылары мен ұстаздары келіп тамашалады. Көрме барысында қазақ халқының қолөнерінің тарихы айтылып музей қорында жинақталған қолөнер бұйымдары: ағаштан жасалған тостаған, ожау, саптыаяқ, астау, теріден жасалған торсық, қамшы, матадан жасалған алаша, шілдер, аяққап сынды дүниелер көрермен назарына ұсынылды.

Қолөнері дамыған қазақтың тұрмыстық заттары да ағаштан түйін түйген шеберлердің қолынан шыққаны мәлім. Алайда осынау қолөнерімізді жоғалтып алғанымыз

Қолөнер - ұлттық мұрамыз



рас. Ел арасындағы шеберлердің шынығыласының арқасында бүгінгі күнге қайта жетті. Бабадан қалған асыл мұрамызды ардақтаған жандар қолөнерді қайта жандандырып жатыр. Көргендердің көзінің жауын алып, тамсандыра таңғалдырған, шеберлер қолынан шыққан

осынау небір ғажайып туындылар бүгінгі халқымыздың мақтанышы болса, ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра.

А. ЖҰМАБЕК,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Объявление

ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсиздик 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

Береке мен бірлік - спорттық ойындар арқауы

Жақында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай, Сарқан қаласында ұлттық рух пен салауатты өмір салтын ұштастырған спорттық жарыстар сәтті ұйымдастырылды!

Жарыс түрлері: асық ату, марафон, дартс ату, гір тасын көтеру және қол күрес. Іс-шараның басты мақсаты — жастарды спортқа баулу, ұлттық ойындарымызды дәріптеу, көп ұлтты елдің татулығын паш ету болды. Жарыс жеңімпаздары мен белсенді қатысушылар мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Бірлік бар жерде – береке бар! Барша қатысушыларға белсенділік танытқандары үшін алғыс білдіреміз!



Зәуре БАБАШЕВА,
Сарқан ауданының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу бөлімінің басшысы.